

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EXYE2859>**А. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева¹**

^{1,2}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ҚҰПИЯ ТІЛДЕСІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК

Мақалада автор ою-өрнектің зерттелу тарихына тоқталады, олардың мағынасына ұлттық таным тұрғысынан талдау жасайды. Қазақ халқының тұрмысында қолданылған және қолданылып жүрген оюлардың беретін мағынасын саралайды. Оюлардың берілу жолдары мен жасалуын өнертанушы ғалымдардың пікірлері негізінде көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы түсіндіріп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Әр ұлттың танымы мен мәдениеті, тарихы мен салтына байланысты қолданылатын оюлардың түрлеріне семантикалық тұрғыда талдау жасайды. Коммуникация барысында қолданылатын оюлардың астарында сөз немесе тұтас сөйлемнің жатқандығын дәлелдейді.

Қазақ халқының өмірінде айрықша орынға ие қолөнер туындысы оюдың тұтас елдің, жеке адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда құпияны жеткізуші құрал ретінде қолданылғанын ертегі желісінде баяндалған оқиғаларды мысал ретінде ала отырып, жан-жақты зерделеген. Түскиіз, киімге кестелеп салынған оюлардың беретін мағынасына тоқталған. Оларды орнына сай дұрыс қолдану үшін әр оюдың символдық мәнін білу керек деген тұжырымға келеді.

Мақала авторы алғаш рет жасырын мәнді беруде ою-өрнектерді қолданғандығын нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, олардың жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа, жеке келеген адамдардың немесе арнайы топ мүшелерінің өзара келісімі бойынша жұмсалатын қосымша мағынасы болатынын анықтайды.

Кілтті сөздер: ою, коммуникация, құпия тілдесім, символдық мән, ұлттық таным, халық санасы.

Кіріспе

Адамдар арасындағы негізгі әрі басты қарым-қатынас құралы – тіл, дегенмен тілден тыс көмекші құралдар да жиі қолданылады. Соның бірі – таңбалар.

Ою-өрнек – халқымыздың асыл қазынасы, бай мәдени мұрасы. Қазақ халқының даналығын, көрегендігін, шеберлігін, ішкі рухтың кеңдігін сипаттайтын төл туындылары. Жазу дамымаған уақыттың өзінде ел мен ел арасындағы коммуникативтік байланыс осы ою-өрнектер арқылы жүзеге асып отырғандығын тарихтан білеміз, себебі әр оюдың астарында сөз не тұтастай сөйлем жатады. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды.

Ою-өрнекті көзбен көріп, ондағы бейнеленген кестелерге сүйсініп қана қоймай, әр өрнекте жасырылған халықтың дүниетанымын, арман-мақсатын, тіршілігін, тұтас бір кезеңдегі тарихи оқиғалар туралы ақпаратты алуға болады, себебі ою-өрнек тілімен бейнеленген көріністерде уақыт, заман тынысы сезіледі. Шеберлер қолөнердегі құнды дүниелерді оюмен бейнелей отырып, өзі өмір сүріп отырған заманның көрінісін өрнек тілімен халыққа жеткізіп отырған. Демек, ою-өрнек астарындағы тұспалды ойды түсіну үшін оның символдық мәнін білуіміз қажет, себебі кез келген оюды ойлап тапқан шеберлер оған жай өрнек ретінде қарамаған. Әр оюдың пайда болуы халықтың өмірімен тығыз байланысты. Мысалы: мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз үшін қошқардың мүйізіне, малдың омыртқасына, табанына ұқсатып, қошқармүйіз, омыртқа, түйетабан сияқты өрнектерді ойлап тауып, оны молшылықтың, бірліктің, берекенің символы деп сырмақтың орта тұсына салған. Халқымыздың мәдени шежіресі, өрнекпен берілген тарихты танып-білу үшін оның астарындағы тұспалды мағынаны анықтағанымыз жөн. Бұл турасында Американ зерттеушісі Р. Арнхейм: «Ешбір мағына бермейтін өрнек болмайды. Кез келген өрнек немесе түс белгілі мағына жүгін көтереді: олар қандай да болмасын көңіл күйден хабар береді, күштердің ара салмағын көрсетеді. Және өзінің даралығымен әлдебір орталықты бейнелейді» [1, 65].

Біздің мақсатымыз – халқымыздың төл туындысының шығу тарихы мен оның астарындағы тұспалды ойды жеткізе отырып, адамдардың арасындағы, кейде тұтас бір елдің ішінде сақталған жасырын, құпия сырды жеткізуші құрал болғанын дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Ұлттың киелі өнер туындысы оюдың астарындағы жасырын мағынаны ашу үшін талдау әдісін, әрі ұлттың танымы тұрғысынан дәлелдеу және қолдану аясын айқындау мақсатында сипаттама әдісін қолдана отырып, жекелеген оюдың мағынасына семантикалық талдау жасадық. Зерттеу қорытындысы бойынша оюдың астарындағы жеке ұлттың танымына

байланысты берілген астарлы мағынаны түсіну үшін сол ұлттың тарихы мен мәдениетінен, салты мен дәстүрінен хабардар болуы керек.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ ою-өрнектерінің тарихын ғалымдар ғылыми тұрғыда саралады. Төл өнерімізді зерттеуге В. Вансалов, А. Хедона, Р. Карутц, С. Дудин, В. Радлов, В. Бартольд, М. В. Ронин т.б. сол сияқты көптеген орыс және Еуропа ғалымдары үлес қосты. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыда талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен, ою-өрнектің символдық мәніне қатысты мәселені қарастырған емес.






Ғалымдардың пайымдауынша, ою-өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Адамзат ғасырлар бойы әсемдікке, сұлулыққа ұмтылған, сондықтан сол әсем бейнені тұрмыстық заттарды безендіру үшін пайдаланған. Ою-өрнек өнерінде белгілі бір халыққа ғана тән негізгі көркемдік ерекшеліктер сақталады, сондықтан ол халықтың бейнелеу, сұлулықты қабылдау мәдениетінің жоғарылығымен, ұлттық қолтаңбамен сабақтасып жатады.

Елімізге белгілі этнограф С. Қасиманов қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден, мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден, жер, су, көшіп-қону көріністерін; үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесі [2, 24]. Халқымыз ою-өрнекке жай әшекей ретінде қарамағанын бұған дейін де айттық, себебі әр оюдың астарында үлкен мән жатады, сол себепті заттарға оюды орынсыз салмаған. Әр оюдың символдық мәніне терең үңіліп орнымен қолданған. Үйдің төріне ілінетін кілем, текеметке, киімге, басқа да заттарға салынған ою арқылы көп нәрседен хабардар болып отырған. Мәселен, қазақ халқының ерекше қасиет тұтар заттарының бірі – шапан. Шапанды өзі ерекше құрметтейтін адамның иығына жауып, оған салынатын оюға жоғары мән беретінін айта келіп, қазіргі уақытта ыдыс-аяқтың бетіне бедерлене салынатын өрнектерді, шапанға салып жүргенін айтқан М. Жолдасбеков ою-өрнектің символдық мәні қазіргі күні ескеріле бермейтіндігіне қынжылады [3, 4]. Кей жағдайда осындай қателіктердің жіберілуі оюдың астарындағы мағынаға дұрыс көңіл бөлмеуден де болып отырғаны шындық.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарының бетіне кестеленіп салынған оюлардың ішінде жиі кездесетіні: қошқармүйіз, арқармүйіз, қырықмүйіз, сыңармүйіз. Мүйіз сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама береді: кейбір жабайы жануарлар мен малдың бас сүйегіндегі қатты өсінді [4, 245]. Халқымыз малға ішсе ас, жүрсе көлік деп қарап мал байлықтың, молшылықтың символы, қошқармүйіз, арқармүйіз, қырықмүйіз өрнектерін текеметке, кілемге, сырмаққа басқа да тұрмыстық заттарға салуы шаңырағымызда молшылық, қуаныш болсын деген мақсаттан туған.

Қошқармүйіз оюы туралы академик Ә. Х. Марғұлан: «Қошқармүйіз» оюы – қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Осы ою байлық пен молшылықтың символы. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз», шет-шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі. Сондай-ақ «қошқармүйіз» оюы малдың көбеюін, бақыт-берекені тұспалдайды. «Қошқармүйіз» оюы негізінде «сыңармүйіз», «қосмүйіз», «тікмүйіз», «сынықмүйіз», «төртмүйіз», «қырықмүйіз» оюлары қалыптасқан. «Төртмүйіз» – кейде «төртқұлақ» деп те аталады. «Төртқұлақ» оюы-өрнегінің төрт тармағы зооморфты немесе өсімдік оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Ортасына крест төрт тармағына мүйіз элементі қондырылған, бұл өрнек ең көне оюларға жатады. Дүниенің төрт торабының белгісі ретінде салынған. Алғашқыда «төртқұлақ» ою-өрнегі Пазырық және Ноин-Ұлы қорғандарынан табылған [5, 27]. Ғалымның пікірінше, қошқармүйіз оюының тарихы тым тереңде жатыр.

Мүйіз оюына байланысты өнертанушы Ұ. М. Әбдіғабарова еңбегінен кездестіреміз. «Мүйіз ою» – мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен мүйіз ою аталуы сөзсіз. Көбінесе тұскиіздің шетіне өрнектеледі. Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып «қолтық» деп аталады. Мұнысы, қош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып дем алыңыз деген қонақжайлық белгісі. «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көремін. Сөйтсем, мен қазақтың киіз кітабының үстінде дем алып отырған екем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен», - деп Александр Македонский айтқан деген аңыз да бар [6, 15].

Мүйіз оюлар		
		
Мүйіз	Арқармүйіз	Сынықмүйіз
		
Қошқармүйіз		Сыңармүйіз

1 – сурет

Қазақ өнерін зерттеушілердің бірқатары ою-өрнектің символдық мәніне, оның астарындағы құпия сырларына тоқталады. Мәселен, Ж. Акимешеваның пікірінше, «...оюлар жүйесі таңбалар жиынтығынан құралады. Әрбір ою бүтіндей сөзді білдіреді немесе белгілі бір ойды, идеяны нұсқайды. Әрбір оюдың графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады [7, 22 б.]. Кейбір өнер зерттеушілері ою-өрнектердің де өз тілі бар. Өз сыры бар. Ерте заманда ою-өрнек хаттың орнын алмастырған деген пікірді айтады. Кез келген ою белгілі бір тұспалды ойды, мағынаны береді [8, 78]. Байқап қарасақ, халқымыз айтатынын тура айтпай тұспалдап жеткізуге шебер болған. Мысалы, қыздар өз ғашығына сезімін жеткізерде ақ орамалдың шетіне аққу бейнесіндегі оюды кестелеп салып, жігіттің қолына ұсынған. Аққу бейнесі – қазақ танымында тазалықтың, адалдықтың, кіршіксіз сезімнің символы, сондықтан да сезімді білдіру үшін аққу оюын қолданған.

Суретші өзі жасаған туындысы арқылы замана келбетін, табиғаттың тылсым күшін, өзін селт еткізген оқиғаны немесе өзінің ішкі жан толғанысын көрсететін болса, ою арқылы да біз шебердің дүниетанымын, ішкі толғаныстарын, қоғамдағы орын алған кейбір оқиғалар жайлы ұғына аламыз. Халқымыздың бізге жеткен туындылары арқылы оюдың жай ғана қағаздың, матаның, киіздің бетіне кестеленген өрнек емес екенін, оның ел басына күн туған замандарда тілдесімнің аса маңызды құралы болғандығын байқаймыз. Мәселен, өнерді, ақыл-парасатты дәріптейтін «Өнердің күші» ертегісінде ақылды қыз Дүрия өзіне үйленгісі келген Ыдырысқа бас киім тігуді үйретеді және қыз жігітке бас киімге өрнек салуды үйрете отырып, әрбір ою белгілі бір әріпті, сөзді білдіретінін түсіндіріп, бұл өнердің бір күндері қажет болатынын айтады. Ыдырыс бірде қарақшылардың қолына түсіп қалып қатты қиналғанда: «Мені өлтірмендер, мен сендерге бас киім тігіп берем, соны ханшаға апарсаңдар, мың ділдә береді» – деп жалынады. Олар көнгеннен соң, Ыдырыс бас киім тігіп, өзінің басынан өткен жағдайды толығымен ою арқылы баяндайды. Өрнектен барлық жайды түсінген Дүрия Ыдырысты өлімнен құтқарып алады (Ақылды қыз ертегісі, 166–168–6 б). Адамдар арасындағы коммуникативті қарым-қатынас тек вербалды амалдар арқылы беріле бермейді, кей жағдайда тілден тыс көмекші таңбалар арқылы беріледі. Бұл туралы зерттеуші Б. Байжігітов таңба мәселелерін қарастыра отырып, ою-өрнектің таңбалық қасиетіне жан-жақты сипаттама береді: «Таңба белгілері күрделене, өзгере келе, оның көркемдік белгілері де күшейе түсті, астарлы рәміздік дүниетанымдық белгілер халқымыздың рухани бастауларының тағы бір көзі ою-өрнекті дамытты», – дейді [8, 80]. Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас бас киімге салынған ою арқылы толық жүзеге асқандығын ертегі желісінен байқауға болады. Ыдырыс өзі тап болған жағдайды оюмен кестелеп салды, ал адресант сол хабардың

кілтін тауып шешіп отыр. Нәтижесінде коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас еш кедергісіз толық орындалды, бірақ екі адам арасындағы тілдесім ашық түрде емес, жасырын, құпия түрде жүзеге асты, себебі осы оқиғадағы бас киімді жеткізуші қаракшылар үшін оның астарындағы жұмбақ сол құпия күйінде қалды. Бұл тілдесімнің үнемі ашық түрде бола бермейтінін, ел басына, жеке адам өміріне қауіп төнген уақыттарда осы сынды құралдарды қолданғанын байқаймыз. Осы ертегіден алынған үзіндіден оюдың қарым-қатынас құралы екенін айқын аңғаруға болады. Әрбір ою-өрнектің сөйлей білетінін, оның бейнесінде белгілі бір сөздер жасырынып тұратынын, яғни әр өрнекте символдық мән жататынын ұғынған жөн. Демек, ою-өрнек өнерін тек қана әшекейлеу өнері деп қарауымызға болмайтынын, оның белгілі бір ойды жеткізу мақсатында қолданылғанын түсінеміз.

Халқымыздың тұрмысына тереңірек зер салсақ адамның жеке басына қатысты мәселелер вербалды амалдарға қарағанда бейвербалды амалдардармен беріліп отырған. Мысалы, қыздың қолындағы жүзігіне салынған оюға қарап оның тұрмыс құрмағанын, әйел адамның білезігінде бейнеленген өрнекке қарап құдандалы екенін байқаған.

Халқымыздың салтында жат жұртқа ұзатылған қыз төркініне жиі келмеген. Ол өзінің екінші отбасына үйреніп, сол шаңырақтың береке-бірлігін, дәстүрлерін құрметтеп, өзі келін болып түскен ортасына үйренсін деген ниеттен туған, бұдан қазақ халқының отбасылық құндылықтарды жоғары бағалағанын да байқаймыз. Сол себепті де қыз ұзату салтында бөтен жерге, алыс елге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберу салты болған. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің тұрмысқа шыққаннан кейінгі жағдайын ою-өрнекпен кестеленген орамал арқылы жеткізген. Осы салт бойынша қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адамның бейнесіне ұқсаған ою кестеленсе, бұл сәлемдемеден қыздың ата-анасы жат-жұртқа, ұзатылған баласының «отырса опақ, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген [5, 23].

Ал, егер ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта жағдайы жақсы екенін ұғатын болған [5, 25]. Бұған себеп болған да құс сөзінің астарындағы мағынасы негіз болған, қазақ танымында құс – еркіндіктің символы. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнек түскііз, басқұр сияқты зат келсе, ата-анасы ауыл-аймағын жинап, қуанып той жасаған. Демек, ата-бабаларымыз оюға жай өрнек ретінде қарамаған. Оны тілдесім құралы ретінде пайдаланған.

Өнер зерттеушілері бойжеткен мен ерлердің киімдеріне екі бөлек оюлар бедерленетінін айтады. Мысалы, қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне

гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен салған.

Ою тарихын зерттеушілер өрнек бейнесімен қатар оның бояуына да ерекше мән берген. Ою бояуының да өз сыры болатынын айтады. Ашық, анық емес түспен боялған өрнектерде жасырын сыр болатынын жеткізеді. Ою бейнесінде сай көк – аспан түсі; ақ – шындық символы; сары – даналық, адамгершілік, мұң белгісі; жасыл – жастық пен көктемнің белгісі [2, 20]. Ою-өрнектерді салған кезде түстердің бір-біріне сәйкес келуі жіті қадағаланады. В казахском прикладном искусстве используются традиционные цвета, которые применяются мастерами в течение многих веков: красные, синие, желтые, зеленые, белые и черные. Эти цвета имеют только им одним присущую символику. Синий – цвет неба; белый – символ истины; желтый – цвет мудрости, нравственности, печали; зеленый – молодости, весны и т.д. Соответствие цветов друг другу, их гармоничное сочетание называют колоритом [10, 75]. Демек, оюдың символдық, семантикалық мәнін түсінгенде ғана ою арқылы берілген жасырын ойларды оқуға болады. Мысалы, шешендердің киетін шапанына «кұстандай» өрнегінің салынуының өзіндік сыры бар. Оның мәні тілдің құстың сайрауындай ашық та құлаққа жағымды, көңіліңді сергітіп, жан жұбатарлық болсын дегенін білдіреді.

Өнердің қарым-қатынас құралы екенін дәлелдей түсетін «Ою хан мен Жою хан» ертегісінен үзінді келтірсек. Жою хан өзінің жоғалған баласын іздеуге шығатын адамдарды жинап жатқанын естіген Ою хан баланы іздеуге өзінің барғысы келетінін айтады. Ою ханды зынданнан шығарып баласын іздеуге жібереді. Ою хан жолда болған жайға қанық болып келгеннен кейін, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де әлгі сырмақты Жою ханға алып келеді...

Жою хан сырмақтың оюына қарап, ойланып ұзақ отырып, ондағы оқиғаны іштей былайша таратады:

- Балам биік-биік тауларды асып, терең-терең сулардан өтіп, қалың жыныс орманды... аралап күндіз де, түнде де талмай жортқан екен...

Жүрген... жолында бұғы кездесіпті... Алдынан қодас көрінеді. Тау тағысы арқар да жолығыпты... сорлы балам... жолбарыспен де арпалысыпты... Ұшқан құстармен де беттесіпті... Суда жүзген балыққа да ұшырасыпты... Жорғалаған тышқандар да қарсы келгенге ұқсайды.

Қайран ұлым... алып күштің иесі екеніңді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпандарыңа неге көрсетпедің! Тірімісің, өлімісің? Тоқта, мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінді! Жаны рухқа, тәні аруаққа айналды деп тұр ма? («Ою хан мен Жою хан ертегісі», 5–9 б.).

Ертегі желісіндегі Ою ханның шеберлігіне, тапқырлығына аса бір сүйіспеншілікпен қарай отырып, хан баласының жүріп өткен жолын түскііз бетіне ою арқылы кестелеп салып, болған оқиғаны тек қана өрнекпен баяндауы оның басынан өткізген оқиғасын тек ханның өзі білсін, халық алдында хан ұлының әлсіздігін көрсетпейін деген ниетінен болса керек. Бұл жерде де оюдың құпия тілдесім құралы болғанын дәлелдей түседі. Екі адам арасындағы әңгіме бөгде адамдарға жария болмай, тек жасырын түрде жүзеге асқан.

Қорытынды

Халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы – ою-өрнек. Бұл өнер туындысының тарихы тым тереңде. Қолөнершілердің шеберлігі ғана емес, халықтың дүниетанымынан хабар беретін оюлардың коммуникативтік қызметін жан-жақты зерттеу қажет. Осы мақала көлемінде оюдың жай ғана өрнек қызметін атқармайтындығын, ел арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі екенін дәлелдеуге тырыстық.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Арнхейм, Р.** Искусство и визуальное восприятие. – М., 1974. – С. 392
- 2 **Касиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 30 б.
- 3 **Жолдасбеков, М.** Шапан сыры. – Алматы, 2017. – 30 б.
- 4 **Қалиев, Б.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
- 5 **Маргулан, А. Х.** Казахское народное прикладное искусство. Т 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – С. 85.
- 6 **Әбдігапбарова, Ұ. М.** Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 1999. –28-30 б.
- 7 **Акимешева, Ж. А.** Түркітану метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесі. Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, –2022. – №1. –60–69 б.
- 8 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 545 б.
- 9 **Байжігітов, Б. К.** Қазақтың қолөнері тарихы: Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. – Алматы, 2012. – 265 б.
- 10 **Канаева, Т. К.** Орнаментальное искусство казахского народа. // Культурное наследие Сибири. – Барнаул: Алтайский государственный университет, – 2014. – № 16 – С. 74–79.

References

- 1 **Arnheim, R.** Iskustvo I vizhualnoe vospriatie [Art and visual perception]. – М., 1974. – 392 p. [in Russian]

- 2 **Kasimanov, S.** Qazaq halqynyń qolóneri [Kazakh folk crafts]. – Almaty, 1995. – 30 p. [in Kazakh]
- 3 **Joldasbekov, M.** Shapan syry [The secret of the robe.] – Almaty, 2017. – 30 p. [in Kazakh]
- 4 **Qahev, B.** Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 2014. – 728 p.
- 5 **Marǵulan, A. H.** Qazaq halqyqtq qoldanbaly óneri [Kazakh folk applied art.]. Т 1. – Almaty: Óner, 1986. – 85 p. [in Russian]
- 6 **Ábdigapparova, U. M.** Qazaqtyń ulttyq oıy-órnekteri [Kazakh National ornaments.]. – Almaty: Óner, 1999. – P. 28–30. [in Kazakh]
- 7 **Akimisheva, J. A.** Túrkitanıń metatilineń qurastyrylyy men túsiniqtemesi [Compilation and explanation of the Turkological meta-system]. Almaty: Ál-Farabi atyndaǵy Qazuıy, 2022. №1. 60–69 p. [in Kazakh]
- 8 Qazaqstan: Ulttyq ensklopedia [National Encyclopedia]/Bas redaktor Á. Nysanbaev – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1998. – 545 p. [in Kazakh]
- 9 **Bajigitov, B. K.** Qazaqtyń qolóneri tarihy: Sándik qoldanbaly óner jáne halqyqtq kásipshilik [The history of Kazakh craft: decorative and applied arts and crafts]. – Almaty, 2012. – 265 p. [in Kazakh]
- 10 **Qanaeva T. K.** Qazaq halqynyń oıy-órnek óneri [Ornamental art of the Kazakh people.] // Sibirdiń mádeni murasy. – Barnaıyl: Altaı memlekettik ýniversiteti. 2014. № 16. – P. 74–79. [in Kazakh]

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*А. Н. Муратова¹, Ш. Мажитаева²

^{1,2}Қарағандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ТАЙНОЕ ОБЩЕНИЕ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОРНАМЕНТЫ

В статье авторы останавливаются на истории изучения орнаментов, анализируют их значение с точки зрения национального познания. Классифицируют значение орнаментов, использованных и используемых в быту казахского народа. Способы передачи и создания узоров объясняются на основе мнений ученых-искусствоведов посредством примеров из художественного произведения, демонстрируя особенности каждого из них. Семантически анализируют типы орнаментов, используемых в зависимости от познания и культуры, истории и традиции каждой нации.

Доказывают, что под орнаментами, используемыми в процессе коммуникации, находятся слово или целое предложение.

Взяв в качестве примера рассказанные в сказочной форме события, всесторонне исследовали, как произведения прикладного искусства, занимающее особое место в жизни казахского народа, использовались вместо средства передачи тайны в случае угрозы жизни всей стране, отдельным людям; остановились на значении орнаментов, вышитых на одежде, на кошмах. Авторы приходят к выводу, что для правильного их использования необходимо знать символическое значение каждого орнамента.

Авторы статьи впервые на конкретных примерах доказывают использование орнаментов в передаче скрытой сущности и определяют, что они, кроме общегосударственного значения, имеют дополнительное значение, которое может быть использовано по взаимному согласию отдельных лиц или членов специальной группы.

Ключевые слова: орнамент, коммуникация, тайное общение, символическое значение, национальное познание, народное сознание.

*А. N. Muratova¹, Sh. Mazhitayeva²

^{1,2}Academician E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 08.09.22.

SECRET COMMUNICATION AND NATIONAL ORNAMENTS

In the article, the authors dwell on the history of the study of ornaments, analyzes their significance from the point of view of national cognition. Classify the meaning of ornaments used and used in the everyday life of the Kazakh people. The ways of transmitting and creating patterns are explained based on the opinions of art historians through examples from a work of art, demonstrating the features of each of them. Semantically analyzes the types of ornaments used depending on the knowledge and culture, history and traditions of each nation. Prove that under the ornaments used in the communication process, there is a word or a whole sentence.

Taking as an example the events told in a fairy-tale form, they comprehensively investigated how works of applied art, which occupy a special place in the life of the Kazakh people, were used instead of a means of transmitting secrets in the event of a threat to the life of the whole country, to individuals. Stopped at the meaning of ornaments embroidered

on clothes, on cats. Come to the conclusion that in order to use them correctly, it is necessary to know the symbolic meaning of each ornament.

The authors of the article, for the first time prove the use of ornaments in the transmission of a hidden essence by concrete examples and determines that they, in addition to national significance, have an additional meaning that can be used by mutual consent of individuals or members of a special group.

Keywords: ornament, communication, secret communication, symbolic meaning, national cognition, national consciousness.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz